ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 сәуір Іс №7119-24-00-2/3907 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Тігін» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Тігін» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Тігін» дара кәсіпкері дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 37 716 (отыз жеті мың жеті жүз он алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 977 (екі мың тоғыз жүз жепіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 18.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.04.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 30.05.2024

7119-24-3-1/3446